

АХҚО қатысушылары

Жартыжылдық шолу

2024 жылдың 1-жартыжылдығы

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ

«Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) – Астана қаласында орналасқан қарқынды дамып келе жатқан қаржы орталығы. АХҚО 2018 жылы ресми түрде іске қосылды.

Негізгі мақсаттары

- Инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау
- Бағалы қағаздар нарығын дамыту және оны халықаралық капитал нарықтарымен интеграциялау
- Қаржылық қызметтер нарығын, қаржылық технологияларды және инновациялық жобаларды дамыту
- Кәсіби қызметтер нарығын дамыту

АХҚО-да бизнесті жүргізудің артықшылықтары

- Сенімді нормативтік-құқықтық база
- Қолайлы салық режимі
- Шетелдік қаржы реттеушісі берген лицензияны тану
- Шетелдік юрисдикциялардан редомициляция
- Жаһандық нарықтарға қолжетімділік
- АХҚО-ның шетелдік қатысушыларына арналған қолайлы визалық режим

МАЗМҰНЫ

1 ҚЫСҚАША ШОЛУ

АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

- АХҚО қатысушыларының түрлері
- АХҚО қатысушылары санының өсуі
- Қызмет түрлері бойынша бөлініс
- Төленген салықтар
- Құрылған жергілікті жұмыс орындары
- Тартылған инвестициялар

2

Осы есепте ұсынылған ақпарат, егер өзгеше көрсетілмесе, АХҚО деректеріне негізделген




ҚЫСҚАША ШОЛУ

2018 жылы АХҚО іске қосылған сәттен бастап АХҚО жаңа қатысушыларының саны жыл сайын артып келеді. Жылдық орташа өсім +460 компанияны құрайды.

АХҚО қатысушыларының жалпы саны

2024 жылдың бірінші жартыжылдығында АХҚО-да 488 жаңа компания тіркелді.

2 882
КОМПАНИЯ



Қаржы компанияларының жалпы саны

Қаржы қызметімен айналысатын АХҚО қатысушылары санының өсуі байқалады. 2024 жылдың бірінші тоқсанында олардың саны 937 компанияға жетті.

33%

2023 жылмен салыстырғанда 718 қаржы компаниясы

АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

«Астана» халықаралық қаржы орталығында (АХҚО) тіркелген компаниялар АХҚО қатысушылары болып табылады. Қызмет түріне байланысты кейбір компаниялар өз қызметін жүзеге асыру үшін лицензия алуы керек.

I. Қаржы компаниялары

Лицензияланатын қаржы компаниялары*

Нарықтық институттар; банктік және кредиттік ұйымдар; активтерді басқару және брокерлік қызметпен; сақтандырумен; исламдық қаржыландырумен айналысатын компаниялар және басқалар

Қаржы құралдары

Инвестициялық қорлар, арнайы мақсаттағы компаниялар

Fintech Lab компаниялары*

Әр компанияға дербес қолданылатын жеке нормативтік талаптары бар арнайы реттеу режимінде жұмыс істейтін финтех-компаниялар

Басқа қаржы компаниялары

Холдингтерді және басқа да қаржылық қызметпен айналысатын компанияларды қоса алғанда, қаржы секторына** жататын ЭҚТЖС бар компаниялар. Бұл компанияларға лицензия қажет емес, өйткені олар клиенттердің ақшасымен жұмыс істемейді.

II. Кәсіби қызметтер көрсететін компаниялар

Қосалқы қызметтер көрсетушілер*

Заң, аудиторлық, бухгалтерлік, консалтингтік және кредиттік-рейтингтік қызметтерді көрсететін лицензияланған компаниялар


III. Басқа компаниялар

Ақпарат пен байланыс; көтерме және бөлшек сауда; кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет; кен өндіру өнеркәсібі; өндіріс; білім беру; әкімшілік және көмекші қызмет көрсету салаларындағы қызметті және басқаларды қоса алғанда, экономиканың басқа салаларында жұмыс істейтін компаниялар

*Лицензия талап етіледі

**Қазақстан Республикасындағы экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚТЖС): 64-66

АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ САНЫНЫҢ ӨСУІ



- 2024 жылдың бірінші тоқсанында АХҚО-да 488 жаңа компания тіркелді.
- Қаржылық қызметпен айналысатын АХҚО қатысушыларының саны жыл сайын артып келеді. 2024 жылдың бірінші тоқсанында олардың саны 937 компанияға жетті (жалпы санның ~33%).

I. ҚАРЖЫ КОМПАНИЯЛАРЫ



- Лицензияланатын қаржы компаниялары
- Қаржы құралдары
- Fintech Lab компаниялары
- Басқа қаржы компаниялары

102 Лицензияланатын қаржы компаниялары

Активтерді басқару және брокерлер	Банк қызметі және кредиттеу	Representative Office	Нарық институттары	Басқа компаниялар
72	10	5	4	11

130 Қаржы құралдары

Лицензияланған компаниялар басқаратын инвестициялық қорлар	Арнайы мақсаттағы компаниялар
65	65

27 Fintech Lab компаниялары

Крипто-биржалар	Ақша қызметтері	Краудфандинг	Активтерді басқару және брокерлер	Басқа компаниялар
10	4	3	3	7

678 Басқа қаржы компаниялары*

Холдингтер	Proprietary Funds (меншікті қаражатты басқару)	Басқа компаниялар
496	95	87

* Қазақстан Республикасындағы экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚТЖС): 64-66

II. КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТЕТІН КОМПАНИЯЛАР

АХҚО-да кәсіби қызмет көрсететін компаниялардың жалпы саны – 128 компания.

Қызмет түрлері бойынша бөлініс



- Кәсіби қызмет көрсететін барлық компаниялардың 30%-ы (38 компания) аудит, консалтинг, заңгерлік және бухгалтерлік қызметтерді қоса алғанда, әртүрлі қызметтерді ұсынады.

III. БАСҚА КОМПАНИЯЛАР

АХҚО-дағы басқа компаниялардың жалпы саны – 1 817 компания. Олардың 34%-ы ақпарат және байланыс саласындағы, 15%-ы кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет саласындағы және 15%-ы көтерме және бөлшек сауда саласындағы қызметпен айналысады.

Салалар бойынша бөлініс *



*Қазақстан Республикасындағы экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚТЖС) сәйкес

ТӨЛЕНГЕН САЛЫҚТАР *


115,0 млрд теңге

АХҚО қатысушылары 2018 жылдан 2024 жылдың 1-жартыжылдығында кезеңінде төлеген салықтардың жалпы сомасы

+29,8 млрд теңге

АХҚО қатысушылары 2024 жылдың 1-жартыжылдығында төлеген салықтардың жалпы сомасы

Төленген салықтар (кумулятивті), теңгемен




* Дереккөз: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті

ТӨЛЕНГЕН САЛЫҚТАРДЫҢ БӨЛІНІСІ*

Барлық төленген салықтардың 35%-ы (40,0 млрд теңге) қаржы компанияларына, 13%-ы (15,3 млрд теңге) кәсіби қызметтер көрсететін компанияларға, 52%-ы (59,8 млрд теңге) басқа компанияларға тиесілі.



Басқа компаниялардың қызмет түрлері бойынша бөлінісі, теңгемен



* Дереккөз: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті

ҚҰРЫЛҒАН ЖЕРГІЛІКТІ ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ*

7 603

2018 жылдан 2024 жылдың 1-жартыжылдығы кезеңінде АХҚО қатысушылары құрған жергілікті жұмыс орындарының жалпы саны

+273


2024 жылдың 1-жартыжылдығында АХҚО қатысушылары құрған жергілікті жұмыс орындарының жалпы саны



** Дереккөз: Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударымдар бойынша деректер

ҚҰРЫЛҒАН ЖЕРГІЛІКТІ ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ БОЙЫНША БӨЛІНІС *

2 654 жұмыс орнын (35%) қаржы компаниялары құрды, 4 682 жұмыс орнын (61%) басқа компаниялар құрды және 267 жұмыс орнын (4%) кәсіби қызмет көрсететін компаниялар құрды.



* Дереккөз: Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударымдар бойынша деректер

АХҚО ЭКОЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ ТАРТЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР


\$12,4 млрд

2018 жылдан 2024 жылдың 1-жартыжылдығы кезеңінде АХҚО экожүйесі арқылы тартылған инвестициялардың жалпы көлемі

+\$1,5 млрд

2024 жылдың 1-жартыжылдығында АХҚО экожүйесі арқылы тартылған инвестициялардың жалпы көлемі

Тартылған инвестициялар (кумулятивті)



ДИСКЛЕЙМЕР

Бұл ақпарат инвестициялық ұсыныс емес.

Осы материалдағы деректер жарияланған сәтте рас болып саналады, алайда біз оған кепілдік бермейміз.

Материалда берілген тұжырымдар мен қорытындылар бастапқы және қайталама көздерден адал жиналған және АХҚО олардың дәлдігіне әрқашан кепілдік бере алмайтын ақпаратқа негізделгенін назарға алыңыз.

Осы материалда баяндалған тұжырымдар, түсіндірулер мен қорытындылар міндетті түрде АХҚО әкімшілігінің ұстанымын білдірмейді. Берілген ақпарат тек жалпы танысуға арналған.

АХҚО әкімшілігі осы материалды өз мақсатыңызға пайдалану үшін оның нақты немесе болжамды құзыреттілігі, растығы, сенімділігі немесе жарамдылығы туралы ешқандай мәлімдеме жасамайды және сондай екеніне ешқандай кепілдік бермейді.

ЕСЕП АВТОРЛАРЫ

АХҚО әкімшілігі

- Бектұров Альтаир
Деректер аналитикасы департаментінің директоры
- Қарымсақов Тимур
Деректер аналитикасы департаментінің бас менеджері
- Жахина Айым
Деректер аналитикасы департаментінің менеджері

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- Сайт: www.aifc.kz
- АХҚО-да тіркелу/авторизация:
bsc@aifc.kz
- Есеп: DataAnalytics@aifc.kz

